



БҰЙРЫҚ
10.04.2018 № 233-Б

Орал қаласы

ПРИКАЗ

г. Уральск

Банкроттық басқарушыны шеттету туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы № 176-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 10-тармағы 1-тармақшасына және 15-бабының 3-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттық басқарушы Бейбит Унербекович Альжановты әкімші қызметін жүзеге асыруға құқығы бар адамдар хабарламаларының тізілімінен алынып тасталуына байланысты, «ТехАвтоЦентр» ЖШС-ның (БСН 100940003215) басқарудан шеттетілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің 2017 жылғы 28 маусым айындағы №273-Б бұйрығының күші жойылсын.

3. Б.У.Альжанов үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде борышкердің барлық құжаттарын, құрылтай, қаржылық және мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қоса, борышкердің барлық мүлкін (активтер), сондай-ақ борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған оңалту басқарушысына тапсырсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Б.Н.Қайдаровқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысы



А.Абжаппаров